



Аудандық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау бойынша өлшемдердi айқындау туралы

Күшiн жойған

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкiмдiгiнiң 2016 жылғы 10 маусымдағы № А-6/132 қаулысы. Ақмола облысының Әдiлет департаментiнде 2016 жылғы 8 шiлдеде № 5437 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкiмдiгiнiң 2025 жылғы 16 сәуiрдегi № А-2/85 қаулысымен.

Ескерту. Күшi жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкiмдiгiнiң 16.04.2025 № А-2/85 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Жекешелендiру объектiлерiн сату қағидасын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына сәйкес, Сандықтау ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, аудандық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау бойынша өлшемдер айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын өзiме қалдырамын.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әдiлет департаментiнде мемлекеттiк тiркелген күнiнен бастап күшiне енедi және ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi.

Сандықтау ауданы әкiмiнiң
мiндетiн атқарушы

Қ.Омаров

Сандықтау ауданы әкiмдiгiнiң
2016 жылғы 10 маусымдағы
№ А-6/132 қаулысына
қосымша

Аудандық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау бойынша өлшемдер

№ р/т	Өлшемдердiң атауы	Иелiктен айыру түрi
1	Егер мемлекеттiң алдағы уақытта мемлекеттiк меншiк объектiсiн бақылауда мүдделiгi болмаса	Аукцион түрiндегi жекешелендiру
2	Сату шартын бекiту арқылы уақыттың қандай да бiр кезеңiне мемлекет тарапынан бақылауды сақтау қажеттiлiгi болса	Тендер түрiндегi жекешелендiру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК